

«Бекітемін»
Мектеп директоры:



Ө. Ахметов.

«Келісемін»
Тәрбие ісі орынбасары:

Б.Султанов.

Қазақстан Республикасы
Ғылым және Білім министрлігі
Түркістан облысы
Келес ауданы
«№24 «Ұшқын» негізгі орта
білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тақырыбы:

**«Терең білім, еңбекқорлық және
отаншылдық қасиет»**

Тәлімгер: Асанова М

2022-2023 оқу жылы

Ұшқын ауылы

Алғашқы қоңырау 1-қыркүйек Білім күніне арналған салтанатты жиын

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен аяулы оқушылар!

Құрметті ұстаздар, қадірлі ата-аналар мен қонақтар! Бүгінгі сағынышқа, шаттыққа толы «Алғашқы қоңырау» мерекелеріңіз құтты болсын!

Жүргізуші: Бірінші қыркүйек білім күніне арналған салтанатты жиылысымызды ашық деп жариялаймыз!

Жүргізуші: Көк тудың желбірегені
Жаныма қуат береді,
Таласқа түссе жан мен ту
Жан емес маған керегі
Көк тудың желбірегені –

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын орындайды.

Жүргізуші: Құрметті оқушылар биылғы жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің және Семей полигонының жабылуының 31 жылдығымен тұспа –тұс келіп отырған мектебіміздің 13 жылдық мерейтойы құтты болсын! Осыдан 31 жыл бұрын Тәуелсіздік, еркіндік сөздерінің қаншалықты мағыналы, қаншалықты қымбат екенін дәл қазіргі уақыттағыдай түсінбеген шығармыз. Ешкімге тәуелді болмауды арман еткен батырларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен күресіп құрбан болса, дуалы ауыз билеріміз қызыл тілдің арқасында ел тыныштығын сақтады. Тағыда айта кететін жайт қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаевтың 176 жылдығы, қазақтың педагог-ағартушысы, жазушы, фольклоршы, қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Ыбырай Алтынсариннің туғанына 181 жыл, Қазақстанның көрнекті саяси қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 156 жылдығы, Қазақ КСР-ы Халық әртісі кеңес және қазақ мемлекетінің музыка танушысы, композитор, дирижер ақын Ахмет Жұбановтың 116 жылдығына, Қазақ ақыны әрі жазушысы, аудармашы Мұқағали Макатаевтың 91 жылдығына арналған бұқаралық іс-шаралар жоспарланып отыр.

Бүгін біздің мерекемізге құрметті қонақтар келді:

1. _____
2. _____

Жүргізуші: Жүздеріңнен көрем шаттық арайын,
Болсын солай әрбір күнің, әрайым.
Мерекеніз құтты болсын ата-ана,
Мерекенізқұтты болсын ағайын! – деп бүгінгі мереке мектеп Табалдырығын аттайындеп отырған 1-сынып бүлдіршіндеріне арналады.

Жүргізуші: Біраз жылыносында өткізген,
Ұстаздар – ізгіпәк жандар.
Қуана шәкірт қабылдап,
Білімнің көшін жалғандар.
Алғашқы әріп үйретер,

сынып жетекшісі ұлағатты ұстазымыз Мырзабаев Егемберген Еркінұлы
шәкірттерімен қарсы алыңыздар!
(Музыка ырғағымен 1-сынып оқушыларын жетектеп, ұстаздары жиын өтіп жатқан
алаңға шығып, ортаға 1 мәрте жүріп өтіп, арнайы дайындалған орынға келіп тұрады.

Жүргізуші: Тек жүректен арналар сөзіміз де,
Жақсылықтан жаралған жүрегіңіз.
Сөз берейік құрметпен өзіңізге,
Шәкірттерге арналсын тілегіңіз.

Жүргізуші: Жаңа оқу жылымен сіздерді мектебіміздің директоры
Ахметов Өмірбек Сматуллаұлына сөз кезегі беріледі және ресми
түрде әліппе табысталады.

**Ортада 1-сыныпқа қадам тастаған бүлдіршіндердің жүрек жарды
тақпақтарына береміз.**

**Алдарыңызда мектебіміздің әншілерін ортаға шақырамыз Аралбай Ақбота
және Слам Айда орындауында «Мектебім» әні.**

**Алдарыңызда 7-сынып оқушысы Аралбай Ақбота және Слам Айда
орындауында ән: «Алғашқы қоңырау»**

Жүргізуші: Қағылмақ, міне, әуенге бөлеп,
Қағылмақ алғаш қоңырау,
Нұр толқып жүзін, гүл толып құшақ,
Шаттыққа толсын қоңырау.
Алғашқы қоңырау соғу рәсімі
(Алғашқы қоңыраусоғылады)

1. _____
2. _____

Жүргізуші: Тәуелсіздік- еркіндігім, елдігім,
Елім дербес, өзге елдермен тең бүгін.
Тәуелсіздік-азаттығым,арманым,
Алдағы арман, қуанышым сол менің
Тәуелсіздік тәуетемін бірсаған.
Бабаларым талай ғасыр аңсаған.
Ұраны боп мәңгілікке азат күн.
Тарландары қыршын кеткен қазақтың.

Жүргізуші: 31 жыл болды тәуелсіздік толғанына,
Елімнің егеменді ел болғанына,

- 13 жыл мектебіміз құрылғалы
Жетістік, мақтанарлық бұлда ,сірә.
Мектеп маңы толыпты жарасымға,
Ізгілік те, мейірім-бәрі осында.
Білімге қанат қакты жас өрендер,
Асыл арман гүл атып санасында.

Жүргізуші: Бүлдіршіндер, сендерге артар міндет көп,
Көтеріңдер мектептің атын құрметтеп.
Білімнің көзін ашабілсең тереңнен,
Жетелейді армандарға бұл мектеп, — деп бүгінгі «Білім күніне»
арналған мерекемізді аяқтауға рұқсат етіңіздер.
Шәкірттерімізді алғашқы ұстазымен алғашқы білім күніне арналған
сабаққа шақырамыз.
Сау болыңыздар.